

**Жамбыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 02 шілдедегі № 449 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 21 шілдеде № 2776 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 01 қазандағы № 663 қаулысымен

Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 01.10.2015 № 663 қаулысымен(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Жамбыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Баймолдаев Қайратхан Мәдіғұлұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Бигелдиев*

Жамбыл ауданы Әкімдігінің  
2014 жылдың "02" шілдедегі  
"Жамбыл ауданы бойынша мектепке  
дейінгі тәрбие мен оқытуға  
мемлекеттік білім беру  
тапсырысын, жан басына шаққандағы  
қаржыландыру және ата-ананың  
ақы төлеу мөлшерін бекіту  
туралы" № 449 қаулысына қосымша

**Жамбыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

Елді мекеннің атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілер саны		
Жамбыл ауданы	Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күндік емес шағын орталықтар
	1490-1490	400-400	475-475

**кестенің жалғасы**

Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)		
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күндік емес шағын орталықтар
9553-22407	9067-13713	1270-5387

**кестенің жалғасы**

Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)		
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күндік емес шағын орталықтар
5200-17000	5000-8000	-

**кестенің жалғасы**

Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		
Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын орталықтар	Мектеп жанындағы толық күндік емес шағын орталықтар
15427-38407	14380-21713	1270-5387